



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САПҚА ҚОСЫЛ, САРБАЗ!



Әскер қатары биыл да жігерлі жастармен толыға түспек. Осы күз айларында 17 мыңға жуық бозбала Қазақстанның Қарулы күштер қатарына шақырылмақшы. Көктем айында бұл көрсеткіш 15 мың болған еді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қорғаныс министрлігі бұрынғы жылдарға қарағанда шақырылғандар қатарын анағұрлым арттыруды көздеп отыр.

Әскери қызметке шақыруды жергілікті әкімдіктер ұйымдастырып, талапқа сай жүргізілуін қамтамасыз етеді. Жалпы, көктемде шақырылған 15 мың жас жігіттің 76 пайызы қазақтар, 13 пайызы орыстар, 2,5 пайызы өзбектер болды. Біраз уақыт бұрын 2022 – 2023 жылдары әскери қызметтің резервін келісімшарт негізінде толықтыру жөнінде айтылған болатын. Қазіргі таңда бұл бағытта нормативтік-құқықтық актілерді дайындау, қаржы есептік жұмыстар жүргізіліп жатыр.

(Соңы 3-бетте)



«АДАМДАР ОҚУДАН
ҚАЛҒАНДА ОЙЛАУДАН ДА
ҚАЛАДЫ»

3-бет



ЖАПЫРАҚҚА
ЖҰҚҚАН ҚАН

8-бет

КЕЛБЕТ

ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ Ж.АСАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

АҚИҚАТТЫ АНЫҚТАҒАН СУДЬЯЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

Құрметті редакция! Сіздер арқылы Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановқа, әділ шешім шығарған Маңғыстау облыстық сотының судьяларына алғысымды айтқым келеді.

Мен 18 жасымда 8 жыл мерзімге заңсыз сотталып, 2 жылдан аса уақыт абақтыда отырып, жақын-да ғана толық ақталып шықтым. Өмірімді өзгерткен оқиғаның ұзын-ырғасы мынадай: 2019 жылы наурыз айының 27-і күні сағат 17.30 шамасында Жаңаөзен қаласында өз автокөлігіммен келе жатқанымда жолда тұрған досым М.Қосымбаевты кездестірдім. Оны үйіне жеткізіп салмақ болғанымда өз автокөлігімен бізбен бір бағытта келе жатқан Аскар Қалбаевпен жол-жөнекей келіспеушілік туындады. Аскардың талабы бойынша екеуіміз автокөлігімізді жол шетіне тоқтатып, бір-бірімізбен сөз таластырып тұрғанымызда, менің көлігімнен досым Қосым-

баев шығып, Қалбаевтың қасына келіп, оның бет тұсынан жұдырығымен бір соққы беріп, көлікке барып отырды. Ал Қалбаев алған соққыдан шалқалай асфальтқа басымен құлап, талып қалды. Мен оның есін жинатпақ болып бір-екі шапалақпен бетінен ұрып көріп едім, тұрмады. Сол кезде Қалбаевтың басының тұсынан ағып жатқан қанды көріп, қорқып кетіп автокөлігіме отырып, ол жерден кетіп қалдым. Қалбаевтың қасына адамдар жиналып жатты.

Бұдан соң, колледжде бірге оқитын досым Нұрсұлтан Ахметке болған оқиғаны айтып, сол жерді қарап келуін сұрадым. Н.Ахмет оқиға орнына барып, А.Қалбаевты «жедел жәрдем» алып кеткенін,

ол көлікке Қалбаевтың өзі мінгенін айтты. Содан соң М.Қосымбаев екеуіміз сыныптасымыз Избергенов Дәуреннің үйінде Нұрсұлтан Ахмет төртеуіміз бас қостық. Сол жерде М.Қосымбаев оларға болған оқиғаны бастан-аяқ баяндап, Қалбаевты бір ұрып жыққанын, бұл жағдайға менің қатысым болмағанын айтты.

Ертеңіне үйге полиция қызметкерлері келіп, болған жағдай бойынша менің күдікті екенімді айтып, жауап алды. Жауап берместен бұрын Қосымбаев екеуіміз сөйлесіп, ол Алматыға оқуға кететін болған соң, «Қалбаевты мен ұрдым» деп айтуға келіскен едім. Осы келісім бойынша полицияға берген жауабымда «Қалбаевты мен ұрып құлаттым, бұған Қосымбаевтың қатысы жоқ» деп жауап бердім.

(Соңы 6-бетте)

АЗАМАТ ЕҢБЕГІМЕН БАҒАЛЫ



Өзін білген адамдарға қадір-қасиетін өтінбей өткізе алатын жандар болады. Олар қашанда ел алдында елеулі. Сондай парасатты жанның бірі – Атырау облыстық сотының төрағасы, білікті заңгер, заң ғылымдарының кандидаты Бауыржан Жұмағұлов. Өмірдің асу ағынымен бағытсыз ыға бермей, өрге ұмтылған дарын иесі, талмай іздену арқылы өзіне тән өмір арнасын тапты.

Жұмағұловтың өмір жолы көпке үлгі. Алматы облысы Қапал ауылындағы Қапал орта мектебін бітірген соң, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түскен Бауыржан Тұрсынұлы білімге зеректігімен, қоғамдық жұмысқа белсенділігімен өзін көрсете біледі.

(Соңы 5-бетте)

МЕКТЕПКЕ АҚША ЖИНАУ ҚАШАН ТЫЙЫЛАДЫ?

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ, республикалық «ҚАЗ-БІЛІМ» орталығының директоры, химия ғылымдарының PhD докторы:

– Мемлекеттегі жемқорлық тыйылмай, мектептегі жемқорлық та тоқтамайды. Өйткені, мектеп – мемлекеттің бір бөлшегі. Мектеп толығымен мемлекеттен қамтамасыз етілетін мекеме. Сондықтан, мектептің жөндеу жұмыстарынан бастап, майда-шүйде керек-жарағына дейін мемлекеттің мойнында. Мектептер оқу жылының сметасын ұсынған кезде барлығын енгізіп, ақша сұрайды. Мемлекет соған сай ақша бөледі. Бірақ бөлінген қаржы жетер жеріне жетпей қалғандықтан, мектепте ақша жинау басталады.

Яғни, жоғары жақтан бөлінген қаржы төменгі жаққа жетпей қалса оның орнын мектеп директорлары басқаша жолмен толтыруға тырысуы мүмкін.

Жаңа оқу жылында ата-анадан ақша жинау қайта басталды. Ұстаздар ашық айтпаса да, «сынып қорындағы» белсенді ата-ананың көмегімен сұратқандарын алуда. Бұған тосқауыл қою мүмкін бе?

Ұлжалғас ЕСНАЗАРОВА, география ғылымының докторы, профессор:

– Негізгі шын тырысса кез келген мектептегі ақша жинау мәселесіне нүкте қоюға болады. Мәселен, Алматы қаласындағы кейбір мектептер қазір мүлдем ақша жинамайды. Тіпті, ұстаздар мерекесінде де ата-аналар тарапынан көрсетілетін сый-құрметтен бас тартқан ұстаздар жетерлік. Ал кейбір мектептер сынып қорының атын жамылып,

әлі күнге мектептің керек-жарағын ата-аналар есебінен түгендейді. Негізгі көп нәрсе мектеп директорына байланысты. Олар сынып жетекшілерін толық қамтамасыз етіп қойса, ұстаздар да сыртқа қол жаймас еді.

Қоғамды жемқорлықтан тазартамыз десек, ең алдымен күресті осы мектептерден бастауымыз керек. Ұстаз мәртебесі дегенді жиі айтамыз. Бірақ ұстаздар осылай өз беделін түсіріп жатса, басқалардан қандай сый күтеміз? Тағы бір мәселе, бүгінде кейбір ата-ананың өзі сынып қорына ақша жинауға кетері емес.

(Соңы 3-бетте)

ЖОЛДАУ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған жолдауын жариялады. Мемлекеттің алдағы бағытын айқындайтын бұл жолдауда әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа қадамдарына жол ашылып отыр.

Жалпы, жолдау барысында Президент ауыл шаруашылық, цифрландыру, әскери сала, денсаулық пен білім, спорт, өңірлердің дамуы, газдандыру, ауызсумен қамтуға қатысты бірқатар мәселелерді ашып көрсетті. Сонымен қатар, энергияның жаңа көздері, еңбек қатынастары, көші-қон мен демократизациялау және құқық қорғау саласын да назардан тыс қалдырмай, оларға жүктелетін алдағы міндеттерді атап өтті.

Қоғам арасында талқыға түскен мемлекеттік тіл мәселесін де күн тәртібінен қалдырмай, қазақ тілін білу отаншылдықтың белгісі екенін жеткізді. Сонымен қатар, қоғам арасында белең алып бара жатқан әлеуметтік желілердегі бір күндік атакқұмарлық, вакцинаға қарсы елді үгіттеу сынды өзекті мәселелер қауіпті құбылыс екенін және зиялы қауым тарапынан осындай ұрақтар ұдайы назарда болуы қажеттігін еске салды.

Жолдаудағы жағымды жаңалықтың бірі – елдегі ең төменгі жалақы 42 500 теңгеден 60 000 теңгеге дейін өспек. Аталған тапсырма 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асады. Мәдениет саласы, кітапханашы, мұрағатшы, техникалық қызметкерлердің материалдық жағдайына көңіл бөлініп, алдағы 5 жылда олардың жалақысын жыл сайын 20%-ға өсіру жоспарланып отыр. Осы арқылы еліміздегі 600 мыңнан аса қызметкер қолдауға ие болмақ.



Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихатының
хатшысы

Жолдауды іске асыру халық қалаулыларының да жіті назарында болмақ. Біздің тарапымыздан, яғни өңіріміздің 300-ден аса депутаты жолдауды бір кісідей жүзеге асырып, үлкен қалалардан шалғай ауыл тұрғындарына дейін маңызды құжатты насихаттау – жұмысымыздың басты бір бағыты болмақ. Ол үшін мәслихат депутаттары ақпараттық-насихаттық топ құрамына енгізілмек.

Жолдаудың түпкі нәтижесі – әрбір қазақстандықтың әлеуетін арттыру. Себебі, мемлекетіміздің басты байлығы – Қазақстан халқы.

МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН, МІНДЕТІМІЗ ОРТАҚ

Әр жолдаудың қоғам өмірінде алар орны бар. Себебі, бұл құжатты ел мемлекетті алға жетелейтін – бағдар, ертеңгі межені айқындайтын – жоспар деп біледі. Жыл сайын жасалатын жолдауды жұртшылықтың асыға күтетіні, айрықша тосатыны да сондықтан.



Qazaqstan Respyblikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

Жолдауды Мемлекет басшысының халық алдында берген есебі деуге де негіз бар. Бір жолдау мен екінші жолдаудың арасында қандай тапсырмалар берілді, олар қалай жүзеге асырылды, оның нәтижесі, елге әкелген пайдасы қандай деген сауалдарға жауап ізделетін бұл жолдау саяси сүзгі іспеттес. Мұнда елдегі ахуал, азаматтар тарапынан жиі қойылатын сауалдар, халықтан түсетін ұсыныс-тілектер назарда ұсталатыны белгілі. Жолдауды дайындар кезде де қай салада ізденістің орын алып, қай саланың ақсап жатқаны осы жұртшылық пікіріне сай екшеледі. Осы биіктен қарағанда былтырғы жолдауда берілген тапсырмалардың қоғамнан толық қолдау тауып, ретімен шешілгеніне көңіл тоқтатып айтуға болады. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын биылғы жолдаудың да мақсаты айқын, межесі биік.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген бұл жолдауда саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелермен бірге елдің құқықтық қорғалуына, руханиятының кемелденуіне, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға, заң үстемдігін орнатуға арналыпты. «Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау» деп аталатын жолдаудың VI бөлімінде саяси дамудың құқықтық қыры толық шешімін тапқан.

«Мемлекеттілігімізді нығайта түсу үшін барлық өзгерісті, еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз. Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы» деген Мемлекет басшысы көпшілік талабымен тәжірибеге енгізілген Әкімшілік әділет институтының

маңызына айрықша мән берген. Қазақстанның заңдық жүйесіне елеулі бетбұрыс әкелген бұл қағида алдыңғы жолдауда берілген тапсырманың жемісі.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастыруға серпін береді. Жаңа жүйенің заңдық негізі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте жасалған. Мұнда мемлекеттік құрылымдар мен жеке тұлға арасындағы даудағы теңгерісті сақтауға барынша басымдық берілген. Соған сәйкес енді мемлекеттік органдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне көңілі толмаған азаматтар талап арызын жаңа әкімшілік соттарға жолдап, өз құқығын толық қорғауға болады. Ендігі жерде дәлелдеу, айғақ ұсыну міндеті мемлекеттік органдарға жүктеледі. Жаңа заң мемлекеттік орган секілді алып құрылыммен дауласуға батылы жетпейтін азаматтарға сенім ұялатқаны шындық. Мұны қазірдің өзінде жаңа соттар қоржынына түсіп жатқан талап-арыздар санының көбейгенінен-ақ білуге болады.

Осының өзі жолдаудың ел жағдайын жақсартуға, мемлекетті озық елдер қатарына қосуға, азаматтардың талап-тілегін орындауға бағытталғанын көрсетеді.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жолдауы елдегі елеулі мәселелерге арналды. Шындығында, соңғы екі жыл әлемнің басқа елдері секілді Қазақстан халқына да оңайға соққан жоқ. Пандемиялық ахуал күллі адамзаттың денсаулығына ғана қауіп төндірмеді. Ол сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани мәселелерге де теріс әсер етті.

ОРТАҚ МҮДДЕ ОҢ ӨЗГЕРІСКЕ БАСТАЙДЫ

Президент осындай қиындықтарға қарамастан халықтың біртұтас күшке айналатынын үлкен құрметпен айтты. «Стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту». Президент Қазақстанның Орталық Азиядағы орнын осылай дәл айқындап, елдегі бүгінгі ішкі ахуалды, барлық саладағы қиындықтар мен жетістіктерді саралап, әрқайсысын жеке талдады.

«Экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан, мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады. Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек», – деді Қ.Тоқаев.

Халықтық менталитет ерекшелігі қазақты қашанда саяси сахнада, экономикалық, құқықтық кеңістіктерде көшбасшылыққа, тұрақты, бейбітшіл, мәмілегер ел есебінде әлемге танытты. Өркениет көші мен саяси тұрақтылықта алдыңғы қатарда болу кеменгер саясат пен көшелі принциптер көрсеткіші. Тәуелсіздіктің кейінгі жылдарында мемлекет сапалық тұрғыда көптеген оң нәтижелерге қол жеткізді. Мемлекеттік басқару тетіктері «Еститін үкімет» қағидасын жүзеге асырды және ол толықтай өз нәтижесін берді. Орнықты демократиялық даму саяси жүйені нығайтып, халықтың ашықтық пен қолжетімділік, бәсекелестік принциптеріне бастады. «Мемлекеттілігімізді нығайта түсу үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз. Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту. Президент Әкімшілігі облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек. Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдағы үкіметтік емес ұйымдардың сұранысына қарай бейімдеп, оны алудың жеңілдетілген режимін енгізу қажет. Бұл ауылдық жердегі әлеуметтік белсенділікке тын серпін береді» – деді Президент.

Расында, соңғы жылдардағы әлеуметтік, саяси, құқықтық, рухани өсу өзінің тиімді нәтижелерін көрсетті. Биліктің халыққа бет бұруы, олармен біте қайнаса жүріп, мемлекеттің дамуы үшін атқарып жатқан жұмыстары айтарлықтай. Цифрлы Қазақстан, «100 мектеп, 100 аурухана» секілді ауқымды бағдарламалар шындығында ел дамуына елеулі септігін тигізді. Адам құқығы алдыңғы орынға шықты. Халықтың құқықтық сауаты артты, кез келген мемлекеттік орыннан өз құқығына қатысты кепілді қызметтерді еркін, ашық алатын күн туды. Мұның бәрі мемлекетті басқарушы билік пен оны атқарушы қызметтің адам құқығын басты орынға шығарғанының көрінісі.

«Биыл қаңтар айында мен өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы «Екінші факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» заңға қол қойдым. Енді Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші факультативтік хаттаманың ережелерімен үйлестіруіміз керек. Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылданады деп сенемін. Осы жаздың басында менің жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады. Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізілген жөн» – деді Президент жаңа жолдауында. Осының өзі елде құқықтық жаңғыртулар мен заңдарды ізгілен-



Марат САҒЫМБЕК,
Панфилов ауданаралық
Әділет басқармасының басшысы

діруге қатысты бастамалардың тоқтамайтынын көрсетсе керек.

«2021 жылғы 1 шілдеден әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырды. Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді. Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ. Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі қызыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады» деген Қасым-Жомарт Тоқаев тағы бір тұста. Адамның сапалы өмір сүру индексіне керек заңдылықтардың негізі елде өз ретімен жүзеге аса бастады. Бұған дейін қарапайым адамдар арасында құқық қорғау органдарына деген сенім жокқа тән еді. Соңғы жылдардағы өзгерістер мен ашықтық, цифрлы формат жүйесі күмәнді сейіліп, көп көңіліне сенім ұялаға бастады.

Қоғам қанша жерде алға басты, құқықтық сауат артты десек те, елде сыбайлас жемқорлық тамырына балта түпкілікті шабылмай келеді. Оған бәріміз жыл сайынғы деректер мен нақты мысалдар арқылы куә болып жүріміз. Мемлекет басшысы да өз жолдауында осы мәселеге айрықша назар аударды. «Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек. Бұл ретте, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн» деді Президент. Жемқорлықты жою, оған түбегейлі қарсы тұру сол індетке қарсы қоғамдық сананы қалыптастырудан басталады. Ендеше, бұл мәселеде кез келген қазақстандықтың осы жүкті сезініп, сыбайлас жемқорлықпен күресте белсенділік танытуы маңызды.

Биылғы жолдау кез келген азаматтың сауатты да салтанатты өмір сүруі үшін маңызды делінетін барлық мәселелерді қамтыды. Президент елеулі мәселелерге қатысты нұсқау көрсетті, жағдайдың мән-жайын ашты. Сан түрлі саладағы проблемалармен жүйелі құресудің жолын нұсқалды, құзырлы органдарға нұсқаулықтар берді. Жас мемлекеттің гүлденуіне, өркендеуіне мүдделі кез келген қазақстандық азамат ары қарайғы шешім, болашаққа бағдарды өзі анықтайды. Ортақ мүдде онды өзгерістер мен орасан зор игіліктерге бастайды.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САПҚА ҚОСЫЛ, САРБАЗ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан он шақты жыл бұрын әскерге мәжбүрлікпен барушылар көп еді. Азаматтық борыш деген аты болмаса, оны атқару қатаң түрде міндеттелетін. Жоғары оқу орнына түсу бұл қызметтен қалыс қалудың зор мүмкіндігі болды. Егер оның сәті түспесе жасанды анықтама алып, немесе әскер орнымен келісіп, қалайда оған бармаудың жолын іздеушілер көп болатын. Өйткені, әскери қызмет қорқыныш ұялатып келді. Ондағы әлім-жеттілік, жершілдік әскердің мәртебесін де, беделін де төмендетіп тұрды. Азаматтар бәрінен бұрын алтынға тең уақытты жүйкеге салмақ салатын «сынақпен» өткізуді қаламайтын. Оған барушылар жолы болмағандар саналып келді.

Соңғы жылдары бұл жағдай кері сипат алып, әскер қатарынан сырт қалуға тырысатындар азайып келеді. Мұның сырын мамандар бұқаралық ақпарат

құралдарында Қорғаныс күштеріндегі жағымсыз оқиғалар туралы аз айтылумен, ондағы нақты жағдайдың боямасыз көрсетілуімен байланыстырады. Осының арқасында азаматтар әскердегі өмірдің қалтарысы жоқ, ашық екенін, онда тәртіптің барлығын көріп жүр.

Әлімжеттік бүгінде сирек кездеседі. Содан да болар Қорғаныс күштері қатарына шақырылғандардың 5 пайызы келісімшарт бойынша ары қарай қызмет етуге тілек білдіреді. «Мен әскерге бармаймын» дегенді ашық айтатындар мүлде кездеспейді.

Қазір әскери өмірге барынша дайындығы барлар шақырылуда. Жоғары оқу орындарында әскери кафедрада оқыған студент-түлектер де таңдап алынады.

Жоғары білімі бар, бірақ әскери кафедрада оқымаған шақырылушыларды да жақсы болашақ күтіп тұр. Олар жедел қызметке тартылып, одан әрі келісімшарт бойынша қызметке қала отырып, бірнеше жыл өткеннен

кейін өздерінің әскери мансаптарын қалыптастыра алады. Жалпы, армияда тұрақтылық бар. Мемлекет әскерилердің алдында өздерінің заттай да, медициналық тұрғыда да міндеттерін жүз пайыз орындап отыр. Оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету де жолға қойылған. Бұл әрине, оған барынша дайындығы бар, таңдаулыларды тарту мақсатында жасалып жатқан қадамдар.

Шақырылған әскерилер, яғни халық армиясы құрамын нығайтып, тиімді жасақтау бүгінде бүкіл әлем елдері ұмтылып отырған деңгей. Көптеген елдер оған әртүрлі жолмен келуде. Мәселен, Швейцарияда әскерде болу мерзімін барынша азайтып, сол мерзімнің дұрыс бағдарланып, пайдаланылуына мән береді екен. Оларда солдат әскер құрамында бар болғаны үш ай қызмет етеді. Бірақ осы аз ғана уақыт жас швейцариялық үшін нағыз өмір мектебі. Оған сапқа тұрып, картоп тазалаудың қажеті жоқ. Аптасына екі күн сенбі және жексенбіні

үйінде өткізеді. Үйіне барарда қолына автомат беріледі екен. Есесіне әскери дайындық күндері таңғы сағат алтыдан басталып, барлық қару түрінен атуды, барлық әскери машинаны жүргізуді үйреніп, альпинизммен айналысады, күрес тәсілдерін меңгеріп, орманда өмір сүруге дағдыланады. Швейцария әскеріне жас адовокат, банкир, бағдарламашылар да тартылады. Ал қызметтен босаған кезде әрбір швейцариялық бір ай мерзімде әскер жиынынан өтіп, қарқынды түрде өз дағдыларын шынықтырады. Ресей мамандары бүгінде осы швейцариялық әскери жүйені насихаттап, өз әскеріне енгізуге шақыруда. Олардың айтуынша, автоматты үйге берудің қажеті жоқ. Өйткені, орыстардың менталитеті шведтерден бөлек, бірақ қалғандары өте пайдалы болар еді. Шақырылушы бір жыл жүрмей, үш ай ішінде жас жауынгердің дайындығынан өтіп, одан соң 4-5 жыл жүйелі түрде жиынға тартылып тұруы моральдық-материалдық тұрғыда өте пайдалы. Қазақстан үшін де бұл жүйе ұтымды болары анық. Егер біздің қорғаныс саласына енгізілетін болса, бұл алдымен кейбір әскерден бой тасалауға бейімдерді әскерге тартуда қиындық тумас еді деген ой келеді. Сонымен қатар, тұрғылықты жерінен ұзамай әскери

борышты өтеу көп үміткердің оң жамбасына келетіні анық.

Жалпы, әскери қызметті тартымды ету тұрғысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әскердің мамандық иеленудің бір мүмкіндігі болуы қажет екенін айтып келеді. Яғни, азамат армиядан соң тек әскери әрекеттерге бейімделіп, немесе құрылыс салуды ғана үйреніп қоймай, азаматтық өмірде жұмысқа орналасу үшін негізгі кәсіби дағдыларды игеру керек. Осыны бір сұхбатында Президент Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Дәурен Абаев та есіне алып, жалпы мектептен кейін кейбір балалардың мемлекет назарынан тыс қалып, оқу үлгерімінің төмендігі салдарынан жоғары оқу орнына түсе алмай, тәжірибесі, арнайы білімі болмағаны үшін еш жерге жұмысқа қабылданбай, мұның ақыры кейбірінің қылмысқа ұрынып, немесе масылдыққа салынуына алып келетінін айтқан еді. Осы ойын жас жігіттердің әскер қатарында белгілі бір мамандықты иеленіп шығуы өздері үшін де, ел үшін де пайдалы болатындығымен түйіндеген болатын. Бұл алдағы уақытта елімізде осы бағытта нақты шаралар қабылданынынан үміттендіреді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Бір кездері кітапта жазылғанның бәрін Құранның сөзіндей қадірлеп, оны жата-жастана оқып, тіпті кезекке жазылып жататын оқырманның қатары өртенген қамыстың жанбай қалған түбіріндей әр жерде бір қылатып, кітап оқып отырған адамға енді таңырқай қарайтын жағдайға тап болдық.

Д.Дидроның «Адамдар оқудан қалғанда ойлаудан да қалады» дегені шындыққа айналды. Кейбір ақын-жазушы, журналистер мен ғалымдар ұрпағының үйдегі кітаптарды шаң жинайды деп коқыс салатын контейнерге тастағанын жұрт естіп те, көріп те жүр. Сондықтан зиялылар арасында өз мұрасын көзі тірісінде-ақ архив, музей, кітапханаларға таратушылар саны жыл өткен сайын ұлғаюда. Оны біреулер мәжбүрлік, біреулер заман талабы деп сөрелерде босқа тізіліп тұрғанша ел игілігіне жаратылғаны дұрыс шешім дегенді айтуда. Әрине, әркімнің өз таңдауы бар.

«Тұлға болам» кітап оқу сайысының жеңімпаздарын марапаттау рәсмінде «Шұғыла» қайырымдылық қорының қамқоршылар кеңесінің мүшесі, Лепарта компаниясының құрылтайшысы Азат Қалиоллаұлының

айтуынша, адам денесінің 2 пайызын ғана алатын ми, бүкіл энергияның 20 пайызын тұтынады. Үнемі интернетте отырған балалар 25 жасқа дейін өз миын дамытпаса цифрлық аутизм ауруларына шалдығады. Олар болашақты жоспарлап, жағдайға бейімделе алмайды. Бір сөзбен айтқанда тек тұтынушы болып қалады. Өйткені, ми бір мағлұмат туралы ойланған кезде ғана іске қосылады. Оны ояту үшін 21 минут керек екен. Ал кітап оқымайтын, бос уақытының көбін ғаламтор қарауға жұмсайтындар оған мүмкіндік бермейді. Сондықтан ата-аналарға мүмкіндігінше балаларға 2 сағаттан артық телефон қаратпаңыздар дегенді жиі айтады. Енді сабақ кезінде балалар смартфондарды мүлде пайдаланбаса деген ұсыныс жасап жүр.

— Ең абазы кітап. Пандемияға дейін Қазақстан бойынша 5



млн адам кинотеатрларға барады екен. Алайда оның 95 пайыздан астамы комедия жанрын таңдаған. Өйткені, олар онда ойлану үшін емес, демалуға барады. Онда көргені миды жұмыс істетпейді. Ал адам кітап оқыған кезде ондағы оқиғаны көз алдына елестетіндіктен жаңа ми жүйелері пайда болады. Ғалымдардың айтуынша, классиктерді оқыған балада ақпаратты сараптау мүмкіндігі болады. Олардың ар-

найы мектепте оқымай-ақ өз миын болашақ үшін дайындауға мүмкіндігі бар, — дейді Азат Қалиоллаұлы.

Қазір жеңімпазына көлік берілетін «100 өлең» байқауы мен Нұр-Сұлтаннан 1 бөлмелі пәтер берілетін «Тұлға болам» кітап оқу сайысын ұйымдастырушыларды біреулер батыр десе, біреулер нарықтық қоғамның ойыншысы деп қарайды. Шынында да жүлде қоры аз мұндай байқауларға қатысушылар саны

бұрын ең ары кетсе мыңға ғана жететін.

— «Тұлға болам» кітап оқу сайысының басты мақсаты халықты кітапқа жақындату, білімді ету. Сондықтан қатысушыларды 1-3, 4-7, 8-11 сынып оқушылары мен ересектер деп 4 топқа бөлдік. Жүлдегерлерге берілетін сыйлық әртүрлі. Осы жобаны ары қарай жалғастырып, бас жүлдеге Нұр-Сұлтан қаласынан пәтер бермекпіз. Бірақ оны ең үздік оқырманға емес, сайыстың әр кезеңіне қатысқандардың арасынан рандом арқылы таңдалған адамға береміз. Мұндағы мақсат, біріншіден көп адамды қатыстыру, екіншіден барлық қатысушыға мүмкіндік беру. Сондықтан оған қатысушыларды 50 мың емес, 500 мыңға жеткізсек деген ойымыз бар, — дейді «Шұғыла» қайырымдылық қорының президенті Сәрсенбек Иманбаев.

Ал «Дария» дамыту орталығының басшысы Ерболат Сұлтанмұраттың сөзіне қараған-

да, қазақ әдебиетін оқымаған адам үстіне шапан киіп, басына тақия кигенмен, бәрібір оның бойынан қазақтың белгісі көрінбейді. Осыдан 10 жыл бұрын кітап қоры жағынан Қазақстан әлемде 44-орында болған екен. Әйтсе де, 130 млн халқы бар Жапонияда әр адам күніне 15 бет, Германияда 11 бет оқыса, мұсылман елдерінде 8 адам күніне 1 бетті ғрең оқиды екен. Сондықтан да, ең дамыған елдердің қатарында әлі күнге дейін мұсылман елдері жоқ.

Шынында да білім көзін бағаламаған, кітап оқуды дұрыс жолға қоймаған елде ешқашан даму болмайды. Оған бір кездері өркениеттің барлық игілігін көріп, ешкімнен ілім-ғылым жағынан кем болмаған Ауғанстан, Ирак, Сирия сияқты елдердің қазіргі жағдайы мысал бола алады. Адамның оқудан қалғанда ойлаудан да қалатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

Білім саласы қаржыдан қағылған емес. Керісінше, жыл сайын жыртығы бүтінделіп, жоғы түгенделіп келеді. Алайда, оқушылардан ақша жинау әлі де тоқтатай түр. Кейбір мектептер пердеден бастап, борына, тазалық жұмыстарына, гүліне, әжетхана, кеңсе қағазына, қоқыс, еден жуатын шелек пен оқушылардың қол жуатын сабынына, мектеп ауласына егілетін ағаштарына дейін ата-аналардан жиналған ақшаға алады. Биыл да оқу жылы басталмай жатып жоғарыдағы тізім санитарлық гигиеналық заттармен толықты. Әсіресе, Алматы облысының ұстаздары «талап етуден» сат басында. Мұнда мектеп ұжымы ата-аналардан «дене қызуын өлшейтін құрылғы, антисептик, бетперде, кварц шамына» дейін сұратқан.

Білім бермей жатып, «салық» салуды бастаған ұстаздар әрекеті қаншалықты дұрыс екенін білмек болып Алматы облысы Білім басқармасы баспасөз қызметінің жетекшісі Инжу Заманбекқызына қоңырау шалдық. «Оқушылардың мектептегі санитарлық қауіпсіздігі үшін жергілікті бюджеттен 402 миллион теңге қарастырылған. Облыстағы 760

мектепке санитарйзер, панель, антисептик секілді барлық қажетті заттар сатып алынған. Жалпы, мектеп мемлекеттік мекеме болғандықтан толығымен мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Ата-аналардан ақша жинау — заңсыздық» деп жауап берді. Ендеше 402 миллион теңге мектептерге жетпей қалды ма, жоқ әлде директорлардан ауыспай отыр ма?! Әлде сынып жетекшілері мемлекеттің бергенін жинап қойып, ата-аналардан алғанды пайда көре ме?! Соңғы жылдары балалардың мақтау қағазына да ата-аналардан ақша жинап, «өз бидайын өздеріне қуырып беріп» марапаттайтын мектептердің ісіне қалай тосқауыл қоямыз?!

Атап өтер жайт, алғашқы кездері мектептің жөндеу жұмыстарына жиналатын қаржы кейінгі жылдары сынып қорының атынан мектептің түрлі керек-жарактарын қамтитын болған. Биыл жинаудың басы санитарлық заттарға бағытталды. Демек ата-аналарды «сауын сыырга» айналдырған, ұстаздар жинаудың жолын әйтеуір табады. Былай қарасаң ұстаздар ештенеден хабарсыз секілді... Бір-екі белсенді ата-анаға құлаққағыс жасап, мектепке

қажеттіліктерін солар арқылы алдыртып, «сынып қорын» да соларға басқартып, жеме-жемге келгенде бәріне ата-аналарды «кінәлі» қылып шыға келу дағдыға айналған. Мектептің қажеттіліктеріне қоса, 8 наурыз, ұстаздар мерекесі секілді атаулы күндерге де қаржы сынып қоры арқылы жиналады. Өз кезегінде мектептің қажеттіліктеріне жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы да біреулердің қалтасын қампайтуға бағыттала береді. Осылайша мектептегі жемқорлық жыл өткен сайын түрленіп, «гүлдене» түсуде.

Айтпақшы, министрлік «Қазақстанда мектеп оқушыларынан ақша жинаған мұғалімдер қатаң жазаға ұшырайды. Тіпті, жұмыстан қуылуы мүмкін» екенін айтқан болатын. Бүгінгі күні бұл жаза түсінік жазумен шектелген көрінеді. Қыркүйек қарсаңында ақша сұратқан ұстаздарды нақты дәлелмен Алматы облыстық Білім басқармасына жолдағанымызбен, ұстаздардың түсінік жазумен құтылғанын естідік. Жемқорлықтың жандануына ықпал еткендердің әрекеті жеңіл-желпі түсініктемемен жазаланатын болса, мектептегі жемқорлық

деректерінің тоқтамасы анық. Алматы облысының тұрғыны Жасұлан Жүсіпов «былтыр қызым екі ай кезекші сыныпта оқыды. Оқу жылы аяқтала сала сыныпқа жөндеу жұмыстарына шақырды. Екі ай ғана оқып, мектептің жөндеу жұмысына «қарыз» болып қалдық. Егер жөндеу жұмысына келе алмасақ, 2000 теңгеден жинау керек екенін айтты. Барлық ата-ана бірауыздан сыныпқа жөндеу жұмыстарын жасайтын адамды жалдауға ақша жинадық. Яғни, ақша сұрағанда еріксіз беретіндей талап қояды. Әр сыныпта арнайы гүл салатын аспалы құмыралардың болуына дейін талап етті. Былтыр да жинап бергенбіз, жыл сайын сатып алынған осы заттар қайда кетеді? Ең болмаса әперген нәрсең тұрса ғой орнында» — дейді ашынып.

Расында да, ата-аналар да қазір мектептегі қаптаған жинаудан шаршаған. Өйткені бір баланы мектепке дайындаудың өзі қалтаға аз салмақ салмайды. Ол аздай мектептің «салығы» да тыйылар емес...

Қуаныш ӘБІЛДӨҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МЕКТЕПКЕ АҚША ЖИНАУ ҚАШАН ТЫЙЫЛАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ




(Соңы. Басы 1-бетте)

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ, республикалық «ҚАЗЫЛІМ» орталығының директоры, химия ғылымдарының PhD докторы:

— *Бәлкім мектеп директорлары сынып бөлмелерінде осындай заттар тұруы керек деп нұсқау бергенде, оларға мемлекеттен қаржы бөлінгенін жасырып қалатын шығар. Ұстаздар амал жоқ, жоқтың орнын ата-аналар арқылы толтыруға тырысады. Әйтеуір бұл жерде бөлінген қаржы қандай жолмен болсын жетер жеріне жетпей қалды деген сөз. Сондықтан, мектепте ақша жинауға болмайтынын ата-аналардың үнемі есіне салып отырады. Мектептің қақ маңдайына ақша жинаған ата-ана, ұстаз қудаланатыны жазылып, ілініп тұруы керек. Жалпы, мемлекеттегі жемқорлық деректері қатаң жазалануы керек. Мектеп директоры өзі басқарып отырған мекемесіндегі ақша жинауға басымен жауап беретін болса, мектеп ауласында ақша жинау мүлдем айтылмас еді. Сондықтан директорлардың да жауапкершілігін көтерген жөн.*

Жемқорлықты жоя алмағандықтан қазір парақорлық, ашкөздік қазақтың қанына сіңіп барады. Кез келген қолға алынған іске, құрылыс нысанына, ашылған өндіріс орнына жемқорлық араласатын болып барады. Сондықтан тұтас мемлекеттегі жемқорлықты жоюға тырысуымыз қажет. Негізі қолға алына жойылмайтын дүние жоқ. Тек соған ниет жоқ. Содан болар, жойылу орнына жыл өткен сайын жемқорлық деректері көбейіп барады. Қорқыныштысы да осы.



Жалпы, жемқорлық фактілеріне жазаны күшейткен жөн. Жемқорлыққа қарсы имунитет қалыптастырмай, ақша жинау жалғаса береді. Осындай мәселеден шаршаған ата-ана баласын жекеменшік мектептерге алып қашуда. Сондықтан мемлекеттік мектептердің де өз абыройы үшін күресетін кезі жеткен секілді.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»

ПАЙЫМ

ТӨРЕЛІКТІ ТЕК СОТ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғауға, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру

кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласуға жол берілмейді. Мұндай әрекет үшін заң бойынша жауаптылық қарастырылған. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ, соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сот тәуелсіздігі – жаңа мемлекеттегі соттардың мәртебесін көрсететін қағида. Бұл қағида Біріккен Ұлттар Ұйымының жетінші конгресінің материалдарында толық қарастырылған. Бұл конгресс қылмыстылықтың алдын алу бойынша БҰҰ

Бас Ассамблеясымен келісілген. Бұл шара 1985 жылдың 13 желтоқсанында «Сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты негізгі қағидалар мен оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары» атауымен өткізілді. Мұнда белгіленген қағиданың мазмұны өзін-өзі басқаратын дербес мемлекеттік органның қалыптасуында болатын. Осылайша бұл органның атқаратын қызметін басқа ешқандай мемлекеттік немесе қоғамдық органдардың атқаруына жол бермеу, басқа органдарды сот органдарының қызметіне араластырмау мақсат етілді. Яғни, сот органдары әділ сотты жүзеге асыруда тек заңға тәуелді болуы тиіс және барлық мәселелерді тек заң нормалары негізінде шешуі қажет.

Аслан МҰҚАНОВ,
Мұғалжар аудандық №2 сотының
төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



Әйелдің жаратылысы нәзік болғанымен, жауаптылығы күшті, табандылығы мықты. Қыз-келіншектер жүрген ортада сыйластық, тыныштық, жеңіс бірге жүретіні де сондықтан. Дегенмен, гендерлік теңдік әйелдің әдемі табиғатына нұқсан келтірмесе дейміз. Өйткені, әйел адам өмірге сәби әкеліп, соны жақсылап тәрбиелесе, басты міндетін орындағаны. Рас, іскерлік, ақыл мен білім жағынан алда тұрған әйелдеріміз баршылық. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демей ме? Бүгінгі күні әйелдер қоғамымыздың барлық салаларында да белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да, аналық құқығын сақтай отырып, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғары кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуда.

С.КУСЕМБАЕВА
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛ ӘЛЕМДІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Әйелді бағаламау, әйелге өлімжеттік жасау деректері әлі де бар. Еліміздің Ата Заңында азаматтарды тіліне, дініне, жынысына қарап кемсітуге болмайтыны тайға таңба басқандай көрсетілсе де, қыз-келіншектерді ерлерден төмен санайтын адамдардың барын мойындауымыз керек. Осыған орай гендерлік теңдік мәселесі үлкен саясатқа ұласып, ауқымды жұмыс аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданды.

Гендерлік саясат – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатындағы билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталған. Қазіргі кезеңде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қолжеткізу тетігін жасауда кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр.

ШАРА

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

ЛА-155/6 мекемесінде жаңа оқу жылының басталуына орай алғашқы қоңырау соғылып, сынып сағаттары өтті. Мекемедегі сотталғандар арасында әлеуметтік психологиялық тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, әділет майоры Алма Бәзілбаева ұстаздар мен оқушыларды білім күнімен құттықтады. Мектеп мұғалімдерінің қажырлы еңбегіне алғыс айта отырып, сәттілік, толағай табыстар тіледі.

Оқу, тәрбие ісінің меңгерушісі Айзада Алиева:

– 2021 жылы қыркүйек айында барлығы 4 сынып жасақталып, 33 оқушы оқуға қабылданды. Балаларға 11 ұстаз білім беретін болады, – деп атап өтті.

Білім күні әрбір сыныптың жетекшілері «Тәуелсіздік жетістіктері» деген тақырыпта сынып сағатын өткізді. Қазақстанның тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде түрлі жаңартулардан өтіп, Мәңгілік ел болу жолында нұрлы қадамдар жасап жатқандығы атап көрсетілді. 2021 жылдың тамызында бабалар мұратымен астақан Ата Заңымыздың 26 жыл бойы

Қазақстан халқына қызмет көрсетіп отырғандығы баяндалды.

Елімізде болып жатқан эпидемиялық жағдайға байланысты мектепте санитарлық талаптар қатаң сақталған. Маскалық режим, барлық ұстаздар вакцина алған, мектепте алдын ала сабақ басталмай тұрып мекеменің медицина бөлімі дезинфекция жасап, 1 қыркүйекке санитарлық талаптарды сақтау жөніндегі жұмыстарды күшейткен.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ПӘРМЕН

Ана халқымыз «Билік айту – оңай, біліп айту – ақиын» деп бекер айтпаса керек. Ендеше, ақиқат жолымен жүру, әділ қазылық ету әрбір судьяның басты парызы. Қазы – халықтың ожданы. Демек, судьяның адамгершілік және моральдық-әдептік бейнесінен мемлекетіміздің мәртебесі айқындалады деп айтсақ артық болмас.

ҚАЗЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ОЖДАНЫ

ҚР АПК-нің 185-бабында сот отырысында төрағалық етушінің сот процесін жүргізу тәртібі көзделген. Төрағалық етушінің міндетін судья атқарады. Төрағалық етуші азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарына сәйкес процесілік әрекеттер жасаудың сабақтас-тықтығы мен тәртібінің сақталуын, процеске қатысушылардың процесілік құқықтарын жүзеге асыруын және олардың процесілік міндеттерді орындауын, процесінің тәрбиелік ықпалын қамтамасыз ете отырып, отырыс барысына басшылық жасайды. Төрағалық етуші сот отырысында тиісті тәртіпті қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданады. Сот отырысында тәртіпті сақтау жөніндегі талаптар іске қатысатын барлық тұлғалар және олардың өкілдері, мамандар, сарапшылар, аудармашылар үшін, сондай-ақ, сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар үшін міндетті. Төрағалық етушінің сот отырысында тәртіпті сақтау жөніндегі талаптарын орындамау заң талаптарына сәйкес заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары ҚР АПК-нің 119-бабында көзделген.

- Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шараларын сот баршаның сот алдында теңдігі конституциялық қағидатын және сот төрелігінің міндеттерін іске асыру мақсатында қолданады.
 - Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін бұған кінәлі адамдар осы тарауда белгіленген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылады.
 - Егер сот отырысында тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болса, осы адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.
 - Заңға қарсы жасалған әрекет (әрекетсіздік) үшін бір ғана мәжбүрлеу шарасы және (немесе) бір ғана жауаптылық түрі қолданылады.
- Ал ҚР ҚПК-нің 346-бабында басты сот талқылауында тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қол-

данылатын шаралар көзделген. Мысалы, сот отырысында тәртіп бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтеуді анық куәландыратын өзге де әрекеттер жасаған кезде (әрекетсіздік кезінде) төрағалық етуші оны сот отырысы залынан шығарып жіберуге немесе қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, сотты құрметтемеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай айыппұл өндіріп алуды қолдануға құқылы. Шығарып жіберу, айыптаушы мен қорғаушыдан басқа, процесінің кез келген қатысушысына немесе өзге де адамға қатысты жүргізілуі мүмкін. Ақшалай өндіріп алуды сотталушыға және оның қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына қолдануға болмайды.

Егер сот отырысы залынан сотталушы шығарылып жіберілсе немесе ол сот талқылауына қатысудан бас тартса, төрағалық етуші соттың әрбір отырысының алдында одан өзі тәртіпті сақтаған жағдайда, сот залында болғысы келетінін-келмейтінін анықтайды. Үкім сотталушы қатысып отырғанды жариялануға, ал ол бұл ретте қатысудан бас тартқан кезде оған жарияланғаннан кейін дереу қолхат алып хабарлануға тиіс.

Сот отырысы залынан процеске қатысушыны шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы сот қаулы шығарады. Сот отырысы залында қатысып отырған, бірақ процеске қатысушы болып табылмайтын адамдар тәртіп бұзған жағдайда, олар төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысы залынан шығарылады. Бұған қоса сот оларға ақшалай өндіріп алуды қолдануы мүмкін. Егер сот отырысындағы тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болса, сот материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы мәселені шешу үшін прокурорға жібереді.

Дина ТОЙЖАНОВА,
Сайрам аудандық сотының
судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



БИЛЕР КЕҢЕСІНЕ БЕЛСЕНДІЛІК КЕРЕК

Медиацация институтын жандандыру мақсатында Байзақ аудандық сотында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шара барысында аудандық сот судьясы А.Телесбаева онлайн режимінде қатысушыларға медиацацияның көмегімен оң шешілген істер туралы айтып, медиацацияны дамытуға қатысты ойларымен бөлісті.

Қашықтан өткен жиынға Байзақ аудандық Билер кеңесінің төрағасы М.Болатбеков және кеңес мүшелері Ш.Мырзалиев, Ж.Құмғанбаев, Б.Ахметов, банк өкілі М.Жанқұлов, адвокат А.Сәулебаевтар қатысты.

А.Телесбаева медиацацияның қазіргі таңда қоғамдағы рөліне тоқталып, бітімгершілік институтын дамытуға қатысты жоспарларын ортаға салды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың былтырғы жылғы жолдауында медиацацияны жандандыру бойынша нақты тапсырма берілгенін айтып, осы міндеттеме бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды. Бұған қоса судья Билер кеңесінің араласуымен қысқартылған істердің статистикасымен таныстырды.

Спикер атап өткендей, медиацация рәсімдерін қолдануда соңғы уақытта Билер кеңесінің белсенділігі төмендеген. Статистика көрсеткендей тараптарды татуластыру саны азайған. Келісімге келудің тиімді жақтарын тағы да еске салған судья Билер кеңесінің мүшелеріне медиацацияның табиғатын тереңірек

түсіндіріп, тараптарды татуластыруда белсенді болуға шақырды.

Іс-шара барысында Билер кеңесінің жұмысын жандандыру үшін оның мүшелері бірқатар ұсыныстар жасады. М.Болатбеков алдағы уақытта Медиацация институтын жандандыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін халық арасында даулы және ишеленісті жағдайларды сотқа жеткізбей шешу мәдениетін қалыптастыруға Билер кеңесі барынша атсалысатынын жеткізді.

Шара соңында қатысушылар барлық қойылған сұрақтарға жауап алып, пікір алмасып, бір-бірінің жұмыстарына сәттілік тіледі.

Байзақ аудандық сотының
баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ТҰЛҒА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал алғашқы еңбек жолын КСРО Бас прокуратурасының жолдамасымен Алматы қаласының прокуратура органдарында бастаған ол сонда тергеуші, Фрунзе аудандық прокурорының көмекшісі, Алматы қаласы прокуратурасының жалпы қадағалау бөлімінің басшысы болып қызмет етті. Содан кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аға прокуроры, Алматы қаласы Совет және Бостандық аудандары прокурорының орынбасары, Алматы қаласының Ақсай ауданының прокуроры, «Қазақстан темір жолы» РМК-ның бас директорының орынбасары, ҚР Әділет министрі мен Астана қаласы, Ақмола облысындағы Әділет басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Заң саласындағы түрлі қызметтер сатысынан өткен Бауыржан Тұрсынұлы шындала түсті. Кездескен қиындықтарды тек салқынқандылық, сабырмен шешті. Сол салмақтылығы оны тек алға жетеледі. 1999 жылдың қарашасында ҚР Президентінің Жарлығымен Астана қалалық сотының судьясы болып тағайындалды. Кәсіби және ұйымдастырушылық қасиеттері ескеріліп, 2002 жылдың ақпанында Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы лауазымына ұсынылып, қызмет етті. 2006 жылдың маусымында ҚР Президентінің Жарлығымен Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы болып тағайындалды. 2010 жылдың ақпанында Қарағанды облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы қызметіне тағайындалып, үлгілі жұмысы үшін «Жылдың үздік судьясы» атанды.

2011 жылдың мамырында ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Соты аппараты) басшысы қызметіне шақырту алды. Ал ҚР Парламент Сенатының 2012 жылғы 7 маусымдағы қаулысымен ҚР Жоғарғы Сотының судьясы болып сайланды.

Еңбегіне қарай өнбегі демекші, қызмет барысында бірнеше рет ҚР Президентінің Алғыс хатымен, «Құрмет» орденімен, «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен, «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталды. Сот жүйесінің, прокуратура органдарының, ҚР Әділет министрлігінің ведомстволық марапаттарына ие болды.

Бауыржан Тұрсынұлының ғалымдығын, қоғамдық еңбегін әріптестері жақсы біледі. Осы жолдағы жеткен жетістігі, алған атағы мен марапаттары аз емес. Ал заң ғылымынан кандидаттық мәртебесін қорғап, до-



АЗАМАТ ЕҢБЕГІМЕН БАҒАЛЫ

центтік ғылыми дәрежесін алып, заң саласындағы кез келген ғалымның тісі бата бермейтін күрделі тақырыптар бойынша отыздан астам ғылыми жарияланымдар шығаруының салмағы ерекше бөлек.

Еліміздің сот саласындағы талай биік қызметтерді артқа тастап, күні кеше ғана Атырау облыстық сотының төрағасы болып қызметке кіріскенде де бұрынғысынша, алдымен саладағы қордаланып қалған мәселелерге баса мән берген. Еліміздегі мұнайлы астананың тыныс-тіршілігі жете таныс. Бұған дейін де өскен өңірде қызмет етіп, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы ретінде құрылымның негізін қалап, шаңырағын өз қолымен тіктеген. Ендеше, бұл аймақтағы кейіпкеріміздің сайрап жатқан игілікті істерінің ізі одан сайын айшықтала түсетіні анық.

Атырау облыстық сотының төрағасы болып келгелі өңірге біраз жаңалықты да ала келді. Атырауда алғаш «Татуласу орталығы» ашылып, өз жемісін бере бастады. Бауыржан Жұмағұлов орталықтың ашылуында «Татуласу орталығы» татуластыру рәсімдерін дамыту және Жоғарғы Соттың «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасын жүзеге асыру мақсатында құрылып, медиацияны насихаттауға, азаматтарға тиімді құқықтық және медиативтік көмек көрсетуге, заңгерлік кеңес беруге бағытталғанын атап өткен болатын.

Облыстық сот төрағасы соттың

басты жетістіктерінің бірі – қоғамдағы жанжал деңгейін біртіндеп төмендету болып табылатынын бірінші кезекте назарда ұстайды. Нәтижесі де көңіл көншітеді. Айталық ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 200-ден астам азаматқа кеңес беріліп, оның ішінде даулардың 70 пайыздан астамы сотқа дейінгі тәртіппен шешілген. Өңір жұртшылығы орталықтың жұмысына разы. Атырау облысының Билер кеңесі мен кәсіби медиаторлары қазірде үлкен тәжірибе жинақтады. Дауларды тез әрі тиімді шешуді іздеп жүрген азаматтар үшін «Татуласу орталығы» едәуір тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар, Бауыржан Тұрсынұлы облыс судьяларының назарын сот актілерін шығару кезінде материалдық және процессуалдық құқық нормаларын қатаң сақтауға және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсартуға, судья әдебі нормаларын сақтауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және соттардың беделін көтеру бойынша қабылданып жатқан шараларды күшейтуге ұдайы аударып келеді.

Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұловтың аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына ерекше тапсыратыны – сот тәжірибесі, еңбек тәртібі және сот төрелігін жүзеге асыру сапасы, істерді қарау, сот актілерін салу және оларды жолдау мерзімдерін қатаң сақтау, деректер базасындағы деректемелер мен статистикалық карточкалар-

дың дұрыс толтырылуы сынды мың-сан жауапты міндеттер.

Бауыржан Тұрсынұлы аймаққа келгенде басты қолға алған шаруаның бірі – жаңа әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы мен әкімшілік істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қызметін ілгерілету болатын. Нәтижесінде жақында Атырауда жаңа мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты ашылды. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының ашылуына арналған салтанатты іс-шараға судьялар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, медиаторлар, адвокаттар қатысты. Соттың салтанатты түрде ашылу рәсімін Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов пен Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов өткізді. Жаңа сот Қазақстан Республикасында Әкімшілік әділет институтын енгізу шеңберінде Президент Жарлығымен құрылды.

зметкерлері мен келушілерге барлық қажетті жағдайлар жасалған. Сот құрамы төрағадан және төрт судьядан тұрады.

Бауыржан Тұрсынұлы әлеуметтік желілерде де белсенді. Қазіргі қоғамда маңызды рөл иеленіп отырған әлеуметтік желілерде соттар мен мемлекеттік органдар халыққа әрқашан ашық, қолжетімді болуы керектігіне баса мән береді. Себебі, сот пен халық арасындағы негізгі байланыс жүйесі қазіргі уақытта – әлеуметтік желілер.

Бауыржан Тұрсынұлы өзінен бұрын өзгені ойлауға өжеттігі жететін тұлға. Әуел баста ұытты, отты жаратылған жанның мұраты да биік болады. Үлкен мақсат иесінің ақ адал еңбегі мен сүбелі ісі Атырау өңірінде де ауыздан ауызға ауысып, қағаздан қағазға көшері анық.

Өткен жылдың аяғында Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов өңір басшылығына Атырау қаласындағы көше мен мектептің біріне академик Салық Зимановтың биылғы

Сот қызметі жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен дауларын шешуге бағытталған және онда әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралмайды. Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді 1 шілдеден бастап әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша мамандандырылған ауданаралық соттар деп аталатын қазіргі әкімшілік соттар қарайтын болды.

Шілде айында азаматтар мен бизнестің әкімшілік органдармен дауларын шешу тәртібін реттейтін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енді. Кодекс азаматтардың құқықтарын қорғауды сапалы жаңа деңгейге шығаруға бағытталған. Облыстық соттың төрағасы жаңа соттың ашылуы мен оның қызметі, жаңа кодекстің ерекшеліктері мен міндеттеріне баса маңыз берген. «Басты мақсат – мемлекеттік органдармен дауласу барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Бұл біздің еліміздің тәуелсіздік тарихында бұрын кездеспеген өте маңызды сот реформасы», – деп атап көрсеткен Б.Жұмағұлов азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған бұл реформаның маңыздылығына, жаңа соттың жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау бойынша тиімді қызметіне сенім білдірген.

Айтса айтқандай-ақ, жаңа сот цифрландырудың барлық талаптарына сәйкес келеді, заманауи техникалық құрылғылармен жабдықталған, сот қы-

100 жылдық мерейтойына орай есімін беру туралы ұсыныс түсірді. Жақында облыстық мәслихаттың депутаттары кезекті сессияда облыстық сот төрағасының ұсынысына қолдау білдірді. Атырау қаласындағы №37 орта мектепке Салық Зимановтың есімін беру туралы шешім қабылданып, республикалық ономастикалық комиссияға ұсыныс жіберілді. Енді ғалымның есімін көшеге беру мәселесі де өз шешімін табатын уақыт алыс емес.

Ғасырлық мерейтойы қарсаңында Зимановты құрмет тұтып, талай игілікті істердің ұйытқысы болған Атырау облыстық сотының төрағасы, білікті заңгер Бауыржан Жұмағұлов та алпыс жасқа толады. Мені Бауыржан Тұрсынұлымен досы, заңгер, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Төрмұрат ағам таныстырып, содан бері тонның ішкі бауындай араласып кеткен едік. Бауыржан Тұрсынұлына мерейтойы қарсаңында халқына жақындығынан жазбайтын қайраткерлік ғұмыры табыстың шыңына жетсін деп тілек қосамыз! Ақылман аға тұлғасы толайым табыстармен биіктей берсін!

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚР Президентінің БАҚ
саласындағы сыйлығының
лауреаты, ҚР Мәдениет
қайраткері

СЕМИНАР

ЖАҢА ҚҰЖАТ ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

Ақтөбе облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Е.Төлеев облыстық сот судьясы А.Назарованың, Ақтөбе облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьялары А.Кабульдинов пен А.Абдуллинаның қатысуымен үш жүзден астам мемлекеттік қызметшіге, Ақтөбе облысының аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары мен олардың орынбасарлары үшін «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қолдануда санитарлық нормаларды сақтай отырып, онлайн семинар өткізді.

Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ербол Төлеев қабылданған кодекс жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешуге бағытталғанын айтып, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын қарау барысында құжат талаптарын қатаң сақтау қажет деген тілегін білдірді.

Семинар барысында құқықты қолдану мен жауапкершілік мәселелері талқыланды. Баяндама жасаған судья Азамат Кабульдинов кодекстегі жаңашылдықтар қоғам мен заман талабы екенін, сондықтан мемлекеттік қызметкерлер өз жұмыстарына талдау жасап, жұмыс регламентін, азаматтардың өтініштері мен арыздарын қарау



тәртібін заң нормаларына сәйкес келтіруі, ӘРІП-де белгіленген қағидаттарды басшылыққа алуы тиіс екенін атап өтті.

Кодексте ұлттық заңнама үшін жаңа қағидаттар көзделген, олар: сенім құқығын қорғау, құқықтардың басымдығы, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, соттың белсенді рөлі, мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы және басқалар.

Судья Айгүл Абдуллина мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясына сәйкес шығарылған шешімнің заңдылығын дәлелдеу ауыртпалығы

мемлекеттік органға жүктелетінін түсіндірді. Яғни, егер мемлекеттік орган өз ұстанымын қорғай алмаса және қабылданған шешімді негіздей алмаса, жаңа кодекс нормасына сай, заңсыз акт шығарған лауазымды тұлға жауапқа тартылады.

Іс-шара мазмұнды әрі нәтижелі өтті. Қатысушылар белсенді пікір алмасып, қызу талқылау жүргізді. Соңында тыңдаушылар жаңа жұмыс форматын енгізуге дайын екендіктерін білдірді.

Ақтөбе облыстық сотының
баспасөз қызметі

КӨМЕК

КЕШІГІП БЕРІЛГЕН КУӘЛІК

Түркістан облысы бойынша ҚАЗ департаментіне қарасты Мақтаарал аудандық пробация қызметінің есебінде тұратын Шакарбай Шаменов есімді азамат жеке куәлігінің болмауына байланысты зейнетке шығу үшін құжаттарын өткізе алмай жүрген.

Жеке куәлік және ҚР азаматтығын алу үшін туу туралы куәлік, еңбек кітапшасы және аттестаттың көшірмесі болу керек. Алайда, ол кісіде аталған құжаттардан туу туралы куәліктен басқа ештеңе жоқ екендігі анықталған. Соған қарамастан, пробация мен жергілікті полиция қызметкерлері есепте тұрған азаматтың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жеке куәлігін әзірледі. Пробация қызметі бөлімінің аға инспекторы Самат Әділов ақсақалмен бірге Мақтаарал аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, дайын болған құжатты арнайы табыстады.

– Бұл кісі Өзбекстаннан қоныс аударған. Құжат жасауға, ізденуге мүмкіндігі болмаған. Сондықтан, Шакарбай ақсалдың жеке куәлік алуына ықпал жасадық. Мұндай көмекке ақсақалдың зәру екені белгілі. Оның үстіне, құжатсыз бұл кісіге зейнетақы да тағайындалмайды,– деді Мақтаарал аудандық пробация қызметі бөлімінің аға инспекторы, әділет капитаны Самат Әділов.

– Мен қателікке бой алдырып, қылмыс жасап тіркеуге тұрдым. Осы кезге дейін жеке куәлік алуға қандай құжаттар өткізетінін және қайда апарып тапсыру керектігін білмейтін едім. Пробация қызметінің қызметкерлері жеке куәлік алып берді, оларға алғысым шексіз. Бір жылдан бері зейнетке шығуға құжаттарымды өткізе алмай, зейнетақыдан да қағылып келдім. Енді, міне осындай жанашыр азаматтардың арқасында жеке куәлігімді де жасатып, зейнет ақымды да уақытылы алып жүрмін. Қуанышымда шек жоқ. Сіздерге мың алғыс, – деді Мақтаарал аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған азамат.

Шакарбай Шаменов Мақтаарал аудандық сотының үкімімен ҚР ҚК 300-бабы бойынша бір жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотты болған еді. Ол өзіне жүктелген міндетті орындап келеді.

Раушан НАРБЕК

ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ Ж.АСАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол кезде Қалбаевтың жағдайы бізге беймәлім болатын. Қосымбаев та менің жауабымды мақұлдап, Қалбаевтың менің соққымнан жарақат алғанын айтты. Беттестіру кезінде де осы жауапты бекіттік.

Алайда, жәбірленуші Қалбаев оқиға болған күні емханаға келген соң-ақ есін жоғалтып, өз-өзіне келе алмай жатқанын естіп, іс бойынша шындықты айтуға бекіндім. 1 сәуір күнгі тергеушіге берген жауабымда оқиғаның қалай болғанын, яғни Қалбаев менің соққымнан емес, Қосымбаевтың соққысынан асфальтқа құлағанын, бұл туралы Қосымбаев достарымыз Н.Ахмет пен Д.Ізбергеновке, оның ағасы Дәулет Ізбергеновке айтқанын баяндадым. 2019 жылдың 8 сәуірі күні жәбірленуші Қалбаев қайтыс болды. Оқиға біз күтпеген жағдайға айналған соң Қосымбаев менің кейінгі жауаптарымды бекітіп, өзінің істеген әрекетін мойнымен көтеретін шығар деп дәмеленген едім. Алайда, ол 12 сәуір күнгі екеуміздің арамызда өткізілген беттестіруде шындықты айтып, мені құтқарып алу былай тұрсын, жауап беруден де бас тартты.

Осы аралықта әпкем Жұлдызай Бухарова оқиға болған орынға жақын жердегі «Абат» мейрамханасында орналасқан бейнекамера деректерін тауып тергеушіге тапсырды. Онда Қосымбаев, Қалбаев және менің қатысуыммен болған кикілжің, оқиғаның орны, уақыты, жедел жәрдемнің келгені, сондай-ақ, жәбірленуші Қалбаев менің соққымнан емес, Қосымбаевтың соққысынан құлағанын көрініс тапқан. Бұл көрініс менің кейінгі жауаптарыма толық сәйкес келетін болып шықты.

Бұлтартпас дәлелдер алға тартылып отырған соң, енді Қосымбаев кінәсін мойындайтын шығар, мойындамаса, тергеу орны жаңадан ұсынылған дәлелдемелерді тереңірек зерттеп, оны басқа айғақтармен, куәлардың көрсетпелерімен қоса саралап, Қосымбаевты тығырыққа тірей отырып, кінәсін мойындатар деп үміттенген едім. Үмітім тағы ақталмады.

Бейне деректі көрген соң Қосымбаев жәбірленушінің өзінің соққысынан құлағанын теріске шығара алмайтынын түсініп, Қалбаевты ұрып құлатқанын мойындауға мәжбүр болды. Бірақ тағы да құйтырқылыққа салып, «Қалбаев жерге құлағанын кейін Бухаров оның басына бес рет тепті, бетіне шапалақпен ұрды» — деп, өзін құтқару мақсатында маған жала жапты. Қалбаевтың басында тепкіден болған жарақаттың жоқ екендігіне, бейне деректе оның басына менің теуіп жатқаным көрінбейтініне, Қосымбаевтың көрсетпелері әртүрлі болып қоймай, істегі басқа дәлелдемелерге қайшы келетініне, оның жауабы куәлар көрсетпелерімен теріске шығарылатынына қарамастан, мені ҚР ҚК-нің 106-бабының 3-бөлігімен күдікті деп тауып, қылмыстық іс Жаңаөзен прокуратурасына жолданды.

Жаңаөзен қалалық прокуратурасы ақиқатты анықтайтын шығар деп тағы да үміттендім. Алайда, үмітім тағы да ақталмады. Іс 11.07.2019 жылы сотқа келіп түсті. Істің шікілігі сезілді ме, іс бір соттан екінші сотқа қайта-қайта «лақтырылып», 13.09.2019 жылы ғана Жаңаөзен қалалық сотының өндірісіне қабылданды. Осылайша Жаңаөзен қалалық сотының 2020 жылдың 6 ақпаны күнгі үкімімен Қылмыстық кодекстің 106-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 8 жыл бас бостандығынан айыру жазасын арқалап кете бардым.

Әуелгі кезде, ел-жұрт алдында масқара болғанымды, оқудан қуылғанымды ойласам, осы күннен бастап тағдырыма «қанішер» таңбасы



АҚИҚАТТЫ АНЫҚТАҒАН СУДЬЯЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

таңбасы бар екен. Сот талқылауы барысында іске қатысып отырған прокурор іс бойынша 5-6 сараптама тағайындауды талап етіп, сот олардың тек біреуін ғана қанағаттандырды. Іс бойынша кешенді түрдегі сот дәрігерлік сараптамасын тағайындап, оның орындауын Атырау облысының сарапшыларына тапсырды. Тағы да күту...

2021 жылдың 3 шілдесінде айында сараптама қорытындысы дайын болып, іс бойынша куәлардан, сарапшылардан қайтадан жауап алынып, жиылған дәлелдемелер жан-жақты тексеріліп, жарыссөзге кезек берілді. Іске қатысқан прокурор өзінің айыптау сөзінде менің кінәсіз екендігіме көзі жетіп тұрса да, жәбірленушінің өліміне менің қатысым жоқ екендігін айта отырып, менің әрекетімді ҚР ҚК-нің 106-бабының 3-бөлігінен осы кодекстің 293-бабының 2-бөлігінің 1-тармағымен дәрежеленді, яғни менің әрекетімде кісі өліміне алып келген жарақат салу емес, бұзақылық қылмысы бар деп санап, маған осы баппен жаза тағайындауды сұрады. Оқиға болған кезде менің ешқандай бұзақылық әрекеттер жасамағанымна назар аудармады. Мені біржола ақтауды сұрауға жері жетпеді. Алайда сот өзінің 16 шілде 2021 жылғы үкімімен мені кінәсіз деп тауып, ақтап, бостандыққа шығуға мүмкіндік алдым.

Осылайша қай салада болсын жақсы адамдардың бар екендігіне көзім жетті. Әсіресе, сот саласында жақсы адамдардың көп екендігі, мен үшін үлкен жаңалық болды. Ең бастысы, осы оқиғадан соң мен Құдайға жақындадым. Намазға жығылдым.

Осыдан бір жыл бұрын мен Қазақстан Республикасының сот саласында әділдік барлығына, біз сияқты қарапайым адамдардың ақиқатқа қол жеткізе алатынына сенбес едім. Соңғы екі жылда басымнан өткен оқиғалар, менің тағдырым үшін болған қиян-кескі айқастар, маған мына өмірге басқаша қарауды үйретті. Көптеген адамдарға деген, оның ішінде судьяларға деген көзқарасымды астаң-кестең етті.

Алайда, менің бейнетім әлі түгесілмеген екен. Сот талқылауы барысында іске қатысып отырған прокурор іс бойынша 5-6 сараптама тағайындауды талап етіп, сот олардың тек біреуін ғана қанағаттандырды. Іс бойынша кешенді түрдегі сот дәрігерлік сараптамасын тағайындап, оның орындауын Атырау облысының сарапшыларына тапсырды. Тағы да күту...

2021 жылдың 3 шілдесінде айында сараптама қорытындысы дайын болып, іс бойынша куәлардан, сарапшылардан қайтадан жауап алынып, жиылған дәлелдемелер жан-жақты тексеріліп, жарыссөзге кезек берілді. Іске қатысқан прокурор өзінің айыптау сөзінде менің кінәсіз екендігіме көзі жетіп тұрса да, жәбірленушінің өліміне менің қатысым жоқ екендігін айта отырып, менің әрекетімді ҚР ҚК-нің 106-бабының 3-бөлігінен осы кодекстің 293-бабының 2-бөлігінің 1-тармағымен дәрежеленді, яғни менің әрекетімде кісі өліміне алып келген жарақат салу емес, бұзақылық қылмысы бар деп санап, маған осы баппен жаза тағайындауды сұрады. Оқиға болған кезде менің ешқандай бұзақылық әрекеттер жасамағанымна назар аудармады. Мені біржола ақтауды сұрауға жері жетпеді. Алайда сот өзінің 16 шілде 2021 жылғы үкімімен мені кінәсіз деп тауып, ақтап, бостандыққа шығуға мүмкіндік алдым.

Осылайша қай салада болсын жақсы адамдардың бар екендігіне көзім жетті. Әсіресе, сот саласында жақсы адамдардың көп екендігі, мен үшін үлкен жаңалық болды. Ең бастысы, осы оқиғадан соң мен Құдайға жақындадым. Намазға жығылдым.

Осыдан бір жыл бұрын мен Қазақстан Республикасының сот саласында әділдік барлығына, біз сияқты қарапайым адамдардың ақиқатқа қол жеткізе алатынына сенбес едім. Соңғы екі жылда басымнан өткен оқиғалар, менің тағдырым үшін болған қиян-кескі айқастар, маған мына өмірге басқаша қарауды үйретті. Көптеген адамдарға деген, оның ішінде судьяларға деген көзқарасымды астаң-кестең етті.

Сотының кассациялық сатыдағы сот отырысының қарауына беріліпті.

Жоғарғы Соттың кассациялық сатысы қандай шешім шығаратынынан хабарым болмаса да Жоғарғы Соттың судьясы Әріповтің қаулысын оқып қатты разы болдым. Бұл қаулыда істі қарау барысында төменгі сатыдағы соттардың қандай қателіктерге жол бергені, қандай мән-жайларға назар аудармағаны, сараптама қорытындыларын бағалауда жіберілген олқылықтар, қысқасы бәрі көрсетіліпті. Осылайша тағдыр тоннелінің арғы жағынан үміт жарығы жылтырағандай болды.

Біздің сабырсыздана күткен күніміз – 2021 жылдың 4 ақпаны да жетті. Осы күнгі Ә.Жүкеновтің төрағалығымен өткен ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен іс Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық алқасына жаңадан қарау үшін жолданды. 2021 жылдың наурыз айында Маңғыстау облыстық сотының судьясы М.Аубакировтың төрағалығында істің жаңадан қаралуы басталды.

Абақтыдағы өмірім босқа өтпеген екен. (Бұл, барлық жастарды бір-екі жыл түрмеге тоғытып алу керек деген сөз емес, әрине) Мен ол жерде жақсыны сүйді, жаманнан жиренуді, ата-ананың қадіріне жетуді, дос пен дұшпанның арасын ажыратуды үйрендім. Жаман адамға жалған жақсылық, ессіз адамға берген қанжардай болатынын, ол сол қанжармен өзін де, басқаны да жарақаттауы мүмкін екендігін өз қателігімді ескере отырып, санамнан өткіздім.

Еліміздегі барша судьяларды республика Президентінің тағайындайтынын мен бұрын білмеуші едім. Мені кінәсіз соттаған да, ақтаған да Президент тағайындаған судьялар. Мені ақтаған, ақиқатты анықтауға атсалысқан адамдарға өз ризашылығымды білдіруді өзімнің адамгершілік парызым санадым.

Тағдырыма тап келген мына жағдайдан аман шығатыным өзім де, қамауда бірге отырған басқа адамдар да сенген жоқ. Бірақ мен, көкірегі ояу, көзі ашық, жүректерінде жылу бар, әділдікті ту етіп ұстаған Маңғыстау облыстық сотының

судьялары С.Умирбулатова, М.Аубакиров, Р.Қудайбергенова, А.Ахметова, ҚР Жоғарғы Сотының судьялары Е.Әріпов, Ә.Ибраев, алқа төрағасы Ә.Жүкеновтердің арқасында бостандыққа шығып, бойымды тіктеп отырмын. Олардың бәрі де Президент тарапынан тағайындалған тұлғалар. Сондықтан да осындай білікті судьяларды дұрыс таңдай біліп, олардың өз міндеттерін адал атқаруларына жағдай жасап отырғаныңыз үшін Сізге үлкен рақмет!

Құрметті Асанов мырза! Сіз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы ретінде ақ пен қараны әділ ажыратып, кінәсіздерге ақтау үкімін шығаруға, әділеттің ақ туының желбіреуіне талай рет мұрындық бастамашы болмасаңыз, Бірақ, менің сана-сезіміме, дүниетанымыма, өміріме қаншалықты жаңалық енгізгеніңізді, жүрегіме қаншалықты мейірім мен шапағат құйғаныңызды білмейсіз. Сот саласы қызметкерлерімен бірінші рет «байланыста» болған соң, бұл жағдайдың менің есімде мәңгі қалатыны айдан анық.

Егер Сіз өзіңіздің іс-әрекетіңізбен, адамгершілігіңізбен республикамыздың сот саласында әділетті шешім шығаруға бастамашы болмасаңыз, ар-ұятты, иманды судьяларды дұрыс таңдамасаңыз, басқа құдіретті және құзыретті мекемелерге жалтақтамай, батыл да байыпты шешім шығарған судьяларды керекті жерінде қорғай білмесеңіз, қарауыңыздағы судьялардың мен сияқты қарапайым адамдарға ақтау үкімдерін шығаруы екіталай еді. Кейінгі жылдарда еліміздің судьялары өз бастарын дауға берсе де, әділдікті «жауға» бермей, ақтау үкімдерін алаңсыз шығарып, өз пікірлерін батыл білдіруде. Қазақ елінде әділдік пен заңдылық лебіңіз еркін есе бастауында Сіздің де үлесіңіз бар деп білемін. Сондықтан да Сізге тағы да үлкен рақмет!

Үлкен құрметпен, 8 жыл мерзімге сотталып, кейін ақталған Жарылқасын БУХАРОВ


ОҢ ҚАДАМ

Конституцияның маңызы мен мәнін түсіндіру мақсатында Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде арнайы шара ұйымдастырылды. Онлайн режимінде өткен «Ата Заң – елімнің қорғаны!» атты мәдени шараға көмелетке толмаған сотталғандар қатысты. Игілікті істің мазмұнды, әсерлі ұйымдастырылуына Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері Шайына Құмарова мен Ақерке Абзелбек, Сымбат Лесбектер белсене атсалысты.

Бұл мәдени шараның мақсаты – жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерге еліміздің Ата Заңы жөнінде мәлімет беру, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, жасөспірімдердің үмітін оятып, өздерінің қоғамға керек азамат екенін сезіндіру, түзелуіне көмектесу болып табылады. Шара барысында Сымбат Лесбек Конс-

титудия туралы баяндамасын оқып, тарихтан бастап қазіргі күнге дейінгі қолданыстағы заңға толық түсініктеме берді.

Жасөспірімдер екі тілде Конституция күніне арналған өлең шумақтарын жатқа оқыды. Ақерке Абзелбек елдер мен жерлер туралы қызықты мәліметтер айтып, сотталғандарға викторина



лық сұрақтар қойып, қызықты ойын ұйымдастырды.

Шараның соңы Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері дайындаған «Ата Заң – елімнің қорғаны!» атты жаңа кітап көрмесімен аяқталды. Сотталғандар арасындағы әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бөлім бастығының міндетін атқарушы Бекзат Жақанов кітапхана қызметкерлеріне мекеменің атынан алғыс білдірді. Болашақта осындай жақсы мерекелік шараларды бірігіп өткізсек деген тілегін жеткізді.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ИГИ ІС



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҰЛТТЫҚ БАНК ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН АРАДАҒЫ БІРЛЕСКЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ АЯСЫНДА 30 ГРАНТ БӨЛДІ

Қазақстан Ұлттық Банкі Ұлттық Банк пен оның еншілес ұйымдарына және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне білікті кадрлар даярлау үшін «Назарбаев Университеті» ДБҰ мен «Нархоз университеті» КЕАҚ білім алуға 30 грант бөлді.

Қабылдау емтихандарының нәтижесі мен қабылдау комиссиясының шешімі негізінде 2021–2023 оқу жылына Назарбаев университетінің Master of Science in Finance бағдарламасына 7 магистрант қабылданды. «Назарбаев Университетімен» арадағы серіктестік аясында білімін жетілдірген 53 магистранттың 40 түлегі қазір Ұлттық Банктің ең маңызды департаменттерінде жұмыс істейді.

Осы жылы іріктеу түрінде өткен байқаудың қорытындысы бойынша, 23 магистрант Нархоз университетінің «Қаржы талдаушысы», «Қаржылық тәуекел-менеджмент», «Макроталдау және

болжау» және «Актuariй» бағдарламаларына қабылданды.

«Нархоз университетімен арадағы ынтымақтастықтың арқасында 2003 жыл мен 2018 жылдар аралығында 700-ден астам магистрант даярланды. 2020 жылы арадағы ынтымақтастық қайта жанданды. Келер жылы 20 магистрантты Ұлттық Банкке және 10 магистрантты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жұмысқа орналастыруды жоспарлап отырмыз», – деп хабарлайды ҚҰБ Адам капиталын дамыту департаментінің директоры Шолпан Токбергенова.

Бағдарламалардың мазмұны мен оқуға қабылдауға қойылатын талаптар «Назарбаев Университеті» ДБҰ Жоғары бизнес мектебінің сайтында және «Нархоз Университеті» КЕАҚ Қолданбалы қаржы магистратурасының сайтында орналас-тырылған.

ҰЛТТЫҚ САНАҚ

МЕГАПОЛИСТЕР АЛДА КЕЛЕДІ

Елімізде 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында «Қазақстанда әркім маңызды» ұраны аясындағы үшінші Ұлттық халық санағы өтетіні туралы бұған дейін де айтылған болатын. Күздің алғашқы күнінен бастау алған маңызды шара sanaq.gov.kz сайтында санақ онлайн өтіп жатыр.

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметінің хабарлауынша, алғашқы бес күнде 302159 респондент онлайн санақтан өтті. Олардың 271066-сы sanaq.gov.kz сайтында, 25669 Egov порталындағы сайт сілтемесін пайдалана отырып жауап берсе, 5424 адам санаққа Aitu қосымшасы арқылы қатысқан.

Бес күннің қорытындысына сай, еліміздегі үш мегаполис алға шығып отыр. Елордалық 46480 тұрғын санақтан өткені жайлы хабарлама алған. Онлайн санақтан өткен тағы 43690 адам Алматыда тіркелген. Үздік үштікті Шымкент түйіндеді. Мұнда 40791 адам санақ сауалдарына жауап берген.

Ал соңғы екі орында әзірге Маңғыстау және Атырау облыстары еншілесті. Бұл өңірлерде сәйкесінше 3350 және 2542 адам санақтан өтіпті.

Құзырлы органдардың мәліметінше, азаматтардан санақ кезінде алынған барлық ақпараттар Ұлттық статистика бюросының орталық серверіне жіберіледі. ҰСБ-ның статистика бюросының ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдардың аса маңызды нысандарының тізіміне енгізілген және ҚР ҰҚК «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның

талдауына алынған. Сондай-ақ, санақ қарсаңында ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сынақтан өткізіліп, ол бойынша оң нәтиже алынған болатын.

Арнайы sanaq.gov.kz сайтының қорғанышы ретінде сервер мен қолданушы арасындағы ақпарат алмасу [https](https://sanaq.gov.kz) хаттамасымен қорғалған, әлемдегі ірі сертификаттау орталықтарының бірі – Sectigo SSL-сертификаты алынды.

Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады. sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ. Онлайн санақтан өтпегендер 1-30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу тегін.

Сонымен қатар, Ұлттық статистика бюросы қазақстандықтарды аталған науқан кезінде санақшының атын жамылған алаяқтардан сақ болуға шақырады. Санақ бойынша интервьюерлермен үй шаруашылықтарына бару ағымдағы жылдың 1 қазанында басталатынын еске ұстаған абзал. Халыққа пікіртерім жүргізу үй шаруашылықтарына интервьюер жеке өзі барған жағдайда ғана жүргізілетін болады. Интервьюер міндетті түрде тиісті куәлігін ұсынады. Сондықтан бөтен адамдарға өзі және отбасы мүшелері туралы деректерді ұсынбауды сұрайды.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚАУЛЫ



ЕКІПЕ АЛМАҒАНДАРҒА ЕСІК ЖАБЫҚ

2021 жылдың 6 қыркүйегінен бастап Қазақстанның бас санитар дәрігері Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысы күшіне енді.

Аталған қаулыда: «Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, «Атамекен» ҰКП, ұлттық компаниялар, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған жұмыскерлерді (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) бетпе-бет режимде жұмысқа жіберуді шектесін. Егер қызмет көрсету саласының вакцина салдырмаған қызметкері бәрібір де жұмыс орнында болғысы келсе, онда аптасына бір рет міндетті түрде ПТР-тестілеуден өтуі тиіс», – делінген.

Бұл қаулы халыққа қызмет көрсету нысандарында да қолданылады. Олардың қатарында ХҚКО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейлі банктер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары, моншалар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендері, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, нотариус, бухгалтер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, т.б. бар.

Сонымен қатар, аталған талаптар базарлар, сауда үйлері, сауда желілері, сауда және ойын-сауық орталықтары, дүкендер, шағын маркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттердің, музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кино-театрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер, қонақ үйлер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалардың қызметкерлеріне де қатысты.

Бұдан бөлек, жолаушылар тасымалы, білім беру, санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы ұйымдар, қоғамдық тамақтану нысандары, қарттар, мүгедектер, сәбилер үйлері, денсаулық сақтау ұйымдары, дәріханалар, коммуналдық шаруашылық нысандары, компьютерлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клубтары, байланыс және телекоммуникация нысандарының қызметкерлеріне де осы талаптар қойылады.

Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстары бұрынғыша «кызыл» аймақта орналасқан. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары «сары аймаққа» ауысқан, ал «жасыл» аймақта тек Түркістан облысы ғана тұр.

Қазақстанда өткен тәулікте 3897 адам коронавирус жұқтырған. Еліміз бойынша 93 014 адам коронавирус инфекциясынан емделіп жатыр. Олардың ішінде 21 074 пациент стационарда, 71 940 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. КВИ+, КВИ- шалдыққандардың арасында 1491 адамның жағдайы ауыр, 425 пациенттің жағдайы өте ауыр, 201 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

2021 жылғы 6 қыркүйектегі мәлімет бойынша, Қазақстанда 6 839 097 адам коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін салдырды.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ӨРТУРАІ

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениетті жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, БСН 990340003900, өзіне Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстанның ғылыми-зерттеу мәдениет институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын, БСН 200840029850, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №279 қаулысы 2021 жылдың 28 сәуірінде қабылданған. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 120 үй, телефон: 261-20-09.

4. Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын, Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Скатков, 107 «А».

5. «Каз ТатВиндЭнерджи» ЖШС, БСН 150140021550 (Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Күйші Дина көшесі, 23/2 үй, ВП-3 кеңсесі) «MS Group 7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 160640018917,

қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 15 үй, НП-20, тел.: 8(7172)303000, 87014344449.

8. «Кредит Сервис Ломбард» өтеп алынбаған мүлікті (зергерлік бұйымдар, техника) сату бойынша сауда-саттықты жүргізеді. Өткізу орны: Нұр-Сұлтан қ., А.Кравцов көш., 6 Өткізу күні: 24.09.2021 Сауда-саттықтың басталуы: 10:00 Анықтамалар үшін телефоны: +7 775 371 29 69 Лиц. 01.21.0009Л.

10. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек а., Бижанов №136 мекенжайында орналасқан «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің «Шелек ауылындағы Алматы облыстық мамандандырылған балалар үйі» КММ-сі, БСН 001240003093, «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ-ғы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылының «Аудандық ауруханасы» МКҚ-на, БСН 090240005678, қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

МҰРАҒЕРЛІК

9. 06.03.2021 жылы қайтыс болған Ахметов Ілесбек Баенұлы атынан мұра ашылды. Мұрагерлердің Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288 мекенжайы бойынша нотариус Тілеубергенова Шаркуль Абдрахмановнаға келулері қажет. Тел.: 87755080642.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қазиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8 (7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

«Қармағы қапты. Қалытқыны қозғады. Бірақ шортан әлі суда. Сытылып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан іздеу, тексеру әрекетін тоқтатпаған жөн».

Бүгін азанда Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрмахан Жалғасовпен ақылдасқан. Бастықтың кеңесі осы болды. Сот-медициналық сараптама қорытындысына қараса, жәбірленушінің денесіне қатты зат тимеген. Тепкілеген, қолмен, баспен ұрғанға ұқсайды. Демек, марқұмның футболкасында аяқ киім іздері қалуы мүмкін ғой. Күдіктінің аяқ киіміне сараптама тағайындаған дұрыс.

Ержан Кентауға ертелетіп жетті. Қалиханның әкесі Олжабай мен анасы Боранкүл әдеттегідей жабырқау.

– Сіздер айып етпеңіздер. Жұмыс солай. Тексеру міндетім, – деді Ержан сабырлы қалпын сақтап. – Қалихан қандай мөлшерлі аяқ киім киетін еді?

– Қырық үшінші размер. Оны қайтейін деп ең?

Ержан отағасының бұл сұрағын естімеген қалып танытып, аяқ киім сөресіне жақын барды.

– Қалихандікі қайсы? – деді келін балаға қарап.

Келін бала сөреден бес пар жазғы аяқ киімді алып, бөлек қойды. Ержан оларды мұқият қарап, екі пар сандалдан басқа үшеуін пакетке салды.

– Тексеруден соң қайтарылады, – деді. Олжабай мен Боранкүл аңтарыла қарап тұр.

– Ауланы да қарауым керек, жүріңіздер.

Ойы сол түні Қалихан жатқан жерді көру. Аулада қос қаратал жайыла өсіпті. Сәкі соның астында. Жерден сәл биік етіп жасалған. Еденінде тақыр алаша. Бұрышта бірер көрпеше бүктеліп жиналыпты. Үстінде жастық. Жаз бойы әркімнің қолтығында иленгенге ұқсайды. Қолына алып мұқият қарады. Өзі де кірлене бастаған. Ірі-ірі қызыл ала гүлдері кірін жасырып тұр. Макта жастық. Жоғарғы жағы көк жіппен көктелген. Екінші бетін аударғанда екі гүлдің арасындағы сарғыш жапыраққа жұққан дақты байқады. Қан ба немене? Түнде келіп осында құлап жүрмесін. Не де болса, алу керек.

– Өпше, жастықты көк жіппен көктеген сіз бе? – деп сұрады тергеуші.

– Немене жаман тігіппін ба? – деді әйел тіксініп. – Иә, мен тіктім, даланың жастығы ғой...

Сөзінің соңын жұмсартып жіберді. Сірә, кіммен тілдесіп тұрғанын кеш аңғарса керек.

– Мына дақты қараңыз. Көрдіңіз ғой. Бұ не дақ?

Отағасы екеуі үңіліп қарағанымен үн-дей қоймады.

– Анықтау керек. Сараптамаға берем, – деп тергеуші хаттама толтыру үшін қалам-қағазын дайындай бастады.

– Қарағым, айналайын, – деп алқынған әйел дауысы естілді тұтқадан. – Саған айтарым бар. Осы жаңа ғана...

– Сіз кімсіз?
– Ойбай-ау, мен... Сен Ержансың ба?
– Иә, мен Ержанмын. Сіз...
– Мен Райхан әпшең ғой. Айдардың әйелі. Өлген Айдардың ше...

– Түсіндім, әпше. Не болды?
– Осы жаңа анау екеуі келді үйге. Кешірім сұраймыз дейді. Анау екеуі деген әке-шешесі ғой. Атың өшкірдің әке-шешесі. – Не деп кешірім сұрайды?

– Ақшалай беретін қаражатымыз бар. Жерлеудің шығынын өтейік дейді.

– Балам өлтіріп қойыпты дей ма?

– Өлтіріп қойыпты демейді. Құдай біледі дейді кім өлтіргенін.

– Сіз не дедіңіз?

– Мен не дейін? Үндемедім. «Ойлан, тағы келеміз» деп кетті.

«Бұны аяқсыз қалдыруға болмайды, – деп ойлады Ержан. – Сезікті секіреп деген, күдіктінің құйрығына шала байланды деген осы шығар». Басшылықпен ақылдасқан тергеуші прокурордан санкция алып, содан кейін жәбірленушінің үйіне жасырын камера орнатқан.

Сот молекулярлық-генетикалық са-



ЖАҒЫРАҚҚА ЖҰҚҚАН ҚАН

раптама қорытындысын қолына алған бойда жүрегі дүрсілдеп кетті. Неге екенін білмейді, көп жағдайда өзінің ойлағаны мен күткені сараптама қорытындысында дәл келетіні бар. Мынау да сол сияктанған. Мүмкін бұл көпті көрген тәжірибеден шығар, әлде сезімталдық па? Адам өзі ту-

– Өуелі мынадай маңызды құжатпен таныстырып қояйын, – деді тергеуші алдына алып келген күдіктіге барлай қарап. «Абақтыда бір күн түнеп шыққан адамның жүні жығылып қалуы керек еді, мынау олай емес сияқты ғой. Өлде жанындағы

демепті. Олар сенің қайда жүргеніңді білмейді екен. Солай деп жазып берген. Бұған не дейсін?

– Не деймін? Ештеңе демеймін.
– Шындықтан қасақана тайқыған күдіктінің жазасы ауырлай беретінін ескертіп қояйын. Енді мынаны айт, өзінді кінәсізбін деп есептейсің бе?
– Иә, менің кінәм жоқ.
– Онда әке-шешен жәбірленуші Күмісбаева Райханнан неге кешірім сұрайды?
– Кешірім? Жоқ кешірім сұраған жоқ.
– Ендеше неге барып жүр ол үйге?
– Барып жүрмен жоқ.
– Сен мүмкін барғанын білмейтін шығарсың?
– Білем! Барған жоқ.
– Білгенінді айтпай тұрсың. Олар барған. Бір емес, екі рет барған. Кешірім сұраған. Ақша береміз деген. Қазір көресің. Тергеуші компьютерге дискіні салып, мониторды бұрып қойды. Экранда әке-ше-

ӨМІРДЕРЕК



Осы құрмеуі қиын іске төрелік еткен Тұрысбек Мыятбеков – Түркістан облыстық сотының төрағасы. ҚазМУ-дың заң факультетін тәмамдаған Тұрысбек Ерболжанұлы сот саласында үлкен тәжірибелік мектептен өткен. Еңбек жолын Алматы қаласы Алатау ауданы халықтық сотында аға сот орындаушы қызметінен бастаған Мыятбеков 1996 жылдан бері сот саласында жемісті еңбек етіп келеді. Түркістан облыстық сотының төрағалығына дейін Алматы қаласының Соттар әкімшісі, Алматы қалалық сотының қылмыстық, азаматтық алқаларының судьасы, Алматы қаласы Бостандық аудандық №2 сотының, Алматы облысы Талғар аудандық сотының, Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы қызметін атқарған.

Ал істі алғашқы сатыда қараған Қасым Қалмағамбетов Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген. Алматы қаласында аудандық, қалалық соттарда судья қызметін атқарған. Қазір Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.



ралы не дей алады, жолы болмаған, үміті кесілген кезі де аз емес. Осы сараптамадан көп үміт күтіп еді. Екі қызыл гүлдің арасындағы сарғыш жапыраққа жұққан дақтан күдік алған. Жорамалы дәл шықты. Сарапшылар дақты жәбірленушінің қаны деп тауыпты. Жүрек шіркін сезеді ғой.

Бұған дейінгі жинағандары нақты дәлел емес, күдік қана. Күдікті сол күннің ертеңіне ұшты-күйлі жоғалса, оның басқа себебі де болуы мүмкін. Бейнетіркегіштен қатты дискі табылмады, ол енді адам өлтірген сен деген сөз емес. Сол күні мас болыпты дейміз-ау, кім мас болмай жатыр. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» шығар. Марқұм жәбірленушінің соңында бара жатқаны камераға түсіп қалған. Оған да уәж айтып отыр. Иә, ол да мүмкін. Бәрі мүмкін. Ақтауға да, даттауға да жарайтын іліктер. Ал мынаны... сарғыш жапырақ бетіндегі қанды не деуге болады? Жо-жоқ, бұл енді бұлтартпас дәлел, заттай айғақ. Жаналығын жария етуге бастыққа тартты. Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрмахан Жалғасов бұның бал-бұл жанған жүзінен бір жақсылық күткендей жадырап қарсы алды.

– Міне, сараптама!

Нұрмахан Тоғайбайұлы сараптама қорытындысын қолына алып, көз жүгіртті де: «Тырп ете алмайтын жерден ұстаған екенсің, жарайсың!» – деді ырза болғанын жасыра алмай.

– Тағы бір қызық дерек шығып тұр. Жәбірленушінің үйіне орнатылған камераға байланысты. Онда не бар екенін ертен білеміз, – деді Ержан.

Сот молекулярлық-генетикалық сараптама туралы хабар департамент бастығы, полиция генерал-майоры Қайрат Дәлбековтің де құлағына жетті.

– Дерету күдікті деп таныған анықтама дайында. Кешіктірмей қамау керек, – деп бұйырды ол.

Қалихан Ақметов сол күні-ақ уақытша ұстау абақтысына жеткізілді.

қорғаушысына сеніп отыр ма?» деп ойлаған Ержан:

– Сіз де қараңыз, – деп сараптама қорытындысын адвокаттың алдына ысырды. Қағазға көз жүгірткен адвокат оны тергеушіге қайтарып беріп жатып:

– Күмәнім бар. Тәуелсіз сарапшыға беруге құқылымыз, – деді.

– Қорғауыңыздағы айыпкерге оқытпайсыз ба?

– Жастықтағы дақ туралы екен, – деді қорғаушы Қалиханға қарап, – соны анау өлген адамның қаны дейді. Бірақ сен саспа, шындықты айт. Әр жауабыңды ойланып бер.

Қорғаушының бұл сөзіне тергеуші іштей күліп жіберді. «Шындықты ойланып айт дегені, ешқашан мойындама» дегені де, басқа не? Белгілі ғой.

– Енді сен Күмісбаев Айдармен, яғни өзіңнен отыз үш жас үлкен адаммен не үшін қастастың, соны айтшы?

– Мен оны өлтірген жоқпын.

– Сен өлтірдің деген жоқпын. Неге қастастың дедім.

– Жоқ мен қастасқан жоқпын.

– Демек, сен қастасқан жоқсың, мас-тықпен өлтіріп қойдың. Абайсызда. Солай ма?

– Жоқ, жоқ!

– Не жоқ?

– Өлтірген жоқпын.

– Онда неге қаштың?

– Айттым ғой, келіншегіммен ұрысып қалдым. Өкем де ұрысты, кет, – деді.

– Олар басқаша жауап берді. Сен келіншегіңмен ұрыспапсың. Өкең де кет

болқада бөтенкенің ізі қалған. Оң жақ жауырын тұсында. Сенің сарғыш бөтенкенің ізі, – деді тергеуші. – Сол түні сенің аяғыңда сол бөтенке болды. Камерада анық көрініп тұр ғой.

Күдікті айтарға сөз таппай үнсіз отырып қалды. Бұндайды күтпесе керек, көзі алақтап, күйгелектене бастады. Сірә, сабыры саркылды. Аласұрған көңілін баса алмағаны шығар. Тергеуші алдындағы қағазға әлдене жазғыштап, күдікті қайтер екен деп, басын әдейі көтермеді. Осы сәт әндетіп қоя берген қалта телефонын ала сала, қорғаушы тысқа жылыстай жөнелді. Артынша Ақметовтың пышылдап жылаған дауысы естілді.

– Мен емес өлтірген... менің кінәм жоқ... – деді кемсендеп. Ержан оның көзінен жылтырап көрінген жастың растығына илана алмай отырғанда тыстан адвокат оралды. Сол-ақ екен күдікті орнынан ұшып тұрды да:

– Маған жала жауып тұрсың! – деді қатуланып. Демде өзгеріп шыға келді. – Эксперттермен ым-жымдарың бір! Мен сендерге көрсетем!

– Ашуынды бас. Жазанды жеңілдету жағын ойла, – деді тергеуші байыппен. Айдауылға ымдап еді, ол білегіне темір кісен салып, күдіктіні камераға алып кетті. Орнына отырып үлгермеген адвокат:

– Дәлелің мық-ты-ы! – деді. Соңғы сөзін созыңқырап, мысқылдап айтып, ба-

сын шайқады. – Дегенмен... шалалығың да бар. – Айтарын ашып айтпай, сөзіңнің соңын жұтып қойып: – Байқа... – деді де адымдап басып, кабинеттен шығып кетті.

Төрт жарым айда тиянақталып, облыстық прокуратураға жолданған іс ақыры Түркістан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Қасым Қалмағамбетовтің қолына тиді. Бес бума істі бастан аяқ қарап шыққан ол сарғыш жапыраққа жұққан қан дағына шұқшия түсті. Айыпкердің жауаптары ә дегеннен тұрақты емес, бұлтағы көп. Демек өз өтірігіне өзі сүрініп жығылып, өзін-өзі әшкерелеумен болған. Түнгі он бірде ұйықтап қалдым деген сөзін көрші үйдің камерасы жоққа шығарады. Тергеушінің дәлелдері тастай. Заттай айғақтар жеткілікті. Қорғаушысы жастық тысындағы қан дағы сотталушының әкесіне де тән деген уәж келтіреді. Рас жәбірленуші мен сотталушының әкесінің қандары бірдей, бірінші топ. Бірақ ДНҚ-лары әр түрлі. Сарапшылар жапыраққа жұққан қанда жәбірленуші Айдар Күмісбаевтың ДНҚ-сы табылғанын айғайтайды. Басқа дәлелдерді талдаудың өзі артық. Дегенмен сот отырысында бәрі айтылады. Демек Қалихан Ахметовтың «...қылмыстық оқиғаға қатысым жоқ» дегені өзін-өзі қорғау ғана. Сотталушының жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескеруді де ұмытпады. Асырауында екі жас баласы бар. Бұрын сотталмаған. Куәлердің оң мінездемесі бергендері де бар. Ал Қылмыстық кодекстің 54-бабына сәйкес КІПК-нің 340-бабы бойынша жазаны ауырлататын мән-жайлар ұсынылмаған.

Бес бума істің бүге-шүгесін қалдырмай саралай келе, «Ақметов Қалихан Олжабайұлы ҚР Қылмыстық кодексінің 99-бабы, 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған он бір жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын» деген үкім шығарды.

Алайда іс мұнымен бітпейті. Көп ұзамай Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятбековтің қолына апелляциялық шағым түсті. Талай іс қолынан өткен ол бұндай шағымның адам тағдырын қалай да заң жүзінде әділ шешу үшін пайдалы болатынын жақсы түсінеді. Тергеуші мен судья тұжырымдарының олқы тұстарын терістеу, занның бұлтарыс-қалтарыстарының кеңірек ашылып, мәселенің әділ шешілуі үшін қажет-ақ. Әрі-беріден соң осы әрекет тергеуші мен сот иммунитетін арттырады, тіпті кей жағдайда сот үкімін одан сайын айқындап, шегелей түседі. «Жан-жақты талданған, заттық айғақтармен дәлелденген істі қайта қозғап, апелляциялық шағымның жазылуы тегін емес, – деп ойлады ол. – Артында үлкен күш тұруы мүмкін». Істі өзі тыңдыруға тәуекел етіп, қатарына білікті судьялар А.Мұлтанов пен А.Алшындаевтарды тартты. Сөйтіп бірінші сатыдағы соттың Қалихан Ақметовке кескен үкімі дұрыс, үкім өзгеріссіз, шағымдар қанағаттандырусыз қалсын деген тұжырымға тоқтады.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан
Мұхамедиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №127 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Ү куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31